

## Сабақты зерттеуді (Lesson Study) ұйымдастыруды оңтайландыруға арналған кеңестер

Мерзетхан Акерке  
Нұр-Сұлтан қ. Назарбаев Зияткерлік мектебінің  
математика пәнінің мұғалімі

Мәселе. Орта мектептегі мұғалімдердің жұмысының ауқымдылығына байланысты олардың қосымша зерттеумен айналысуы күрделі процесс болып табылады. Сонымен қатар, мұғалімдердің сабақты зерттеуді (Lesson Study) тиімді ұйымдастыра алмауы, дұрыс мақсат қоя алмауы, зерттеудің әдіс-тәсілдерін толық меңгермеуі және мотивацияның аз болуы да зерттеудің нәтижесіз болуына алып келеді. Ал сабақты зерттеу (Lesson Study) мұғалім тәжірибесі мен шеберлігін арттыруда өте тиімді құралдардың бірі болып табылады. Сондықтан мұғалімдерге сабақты зерттеуді тиімді ұйымдастыруға арналған ақыл-кеңестер өте пайдалы болары сөзсіз. Өзектілігі. Қағазбастылық пен жұмыстың көптігі мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуына кері әсерін тигізуде. Сонымен қоса, қазіргі оқушылардың мінез-құлығы да сабақтың тиімді ұйымдастырылмауына әкеледі. Ал сабақты зерттеу осы және тағы басқа мәселелерді шешудің бір құралы болып отыр. Сондықтан мұғалімдердің сабақты зерттеумен айналысуы - олардың жұмысын оңтайландырудағы тиімді құрал болары анық.

Сабақты зерттеуді (Lesson Study) ұйымдастыруды оңтайландыруға арналған келесі ақыл-кеңестер ұсынылады.

Сабақты зерттеумен айналысуды шешкен мұғалім, ең алдымен, Lesson Study туралы, оның мақсаты, міндеті мен әдіс-тәсілдері туралы толық мәлімет алу керек. Зерттеу мақсатын дұрыс қою, зерттеудің әдіс-тәсілдері, сабақты жоспарлау және мәліметтерге талдау жасау әдіс-тәсілдерін қарастыру керек. Екіншіден, Lesson Study командалық жұмыс болғандықтан жауапкершілікті команда құру ең маңызды іс болып табылады. Команда құруда келесі мәселелерді ескеру керек:

1. Lesson Study уақытты талап ететін жұмыс. Зерттеу мақсатының деңгейіне және жұмыс нәтижелілігіне байланысты зерттеуге бірнеше аптадан бірнеше айға дейін уақыт кетеді. Ал, әр аптасына 2-5 сағат кететін түсіну керек. Сондықтан зерттеу тобындағы мұғалімдер сондай уақыт бөлуге даярлығын және мұғалімдердің күнтізбелерінің сәйкестігін де ескеру керек.

2. Lesson Study командалық жұмыс. Lesson Study жүргізуге кем дегенде төрт адам керек және олардың әр қайсысы зерттеу сабағына қатысу керек. Ал мұғалімдер сабаққа толық қатыспаған жағдайда зерттеудің нәтижелі болуына кері әсерін тигізеді,

тіпті сабақты зерттеу жүрмей тоқтап қалады. Сондықтан сабақты зерттеуге қатысатын мұғалімдер аса жауапты болу шарт.

3. Команданың ережесін құру керек. Әр мұғалім өзімен жұмыстағы маңызды тұстарды атап өткен жөн. Сабақтарды талдау барысында мұғалімнің шеберлігіне, жеке басына қатысты ескертулер болмау керек.

Енді осындай уақыты бар, жауапты мұғалімдерді тапқан соң жұмысты дұрыс ұйымдастыру маңызды. Ол үшін келесі қадамдар мен кеңестер ұсынылады:

1. Зерттеу мақсатын дұрыс қою. Ол үшін әр мұғалім өз зерттеу мақсатын бастапқы кезеңде нақты анықтап және оның SMART критерийіне сәйкес екендігін талдау керек. Сонымен қатар, мақсатқа жеткендігін бағалайтын критерийлерді анықтап алу керек және мақсатқа сәйкес зерттеу әдісін дұрыс таңдау керек.

2. Зерттеу сабағын тиянақты әзірлеу. Бастапқы сабақтарды міндетті түрде барлық мұғалім бірге жоспарлау керек. Зерттеуге алынған оқушылардың сипаттамаларын, олардан күтілетін нәтижелерді бірге талқылау керек. Бақылау парағын алдын ала шығарып қою керек.

3. Зерттеу сабағын талдауды сабақ өткен күні өткізу керек. Кері жағдайда көптеген нюанстер ұмытылып қалады. Бұл өз кезегінде зерттеудің нәтижелілігіне әсерін тигізеді.

4. Зерттеуге таңдалған оқушы туралы мектеп психологымен сөйлесіп психологиялық жағдайына, темпераментіне қанық болу қажет. Топтық жұмыстар ұйымдастыру кезінде осы оқушыларды түрлі топтарға бөліп, осы оқушыларды барынша жан-жақты бақылау керек.

5. Заң бойынша зерттеуге алынған оқушының ата-анасынан рұқсат алу керек. Ал кейбір ата-ана түсінбеуі немесе қарсы болуы мүмкін. Сондықтан ондай түсініспеушілік орын алмау үшін сынып жетекісі арқылы барлық сыныптың ата-анасынан рұқсат ала салуға болады.

Сабақты зерттеу жүйелі түрде ұйымдастырылса ол әрдайым өз нәтижесін беретін жұмыс болып табылады. Бұл мұғалімнің тәжірибесіне де үлкен әсерін тигізетіні және сыныптағы көптеген мәселелерді шешуге де көмектесетіні атап өтілді. Сондықтан барлық мұғалімдерді сабақты зерттеумен айналысуға шақырамын!